

Ж.Т. Сутемген<sup>1</sup>, Н.С. Бергенева<sup>1</sup>,  
С.Т. Қалдыбаева<sup>1</sup>, А.Т. Исаңбекова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## ҚҰРЫЛЫС ӨНДІРІСІНДЕГІ ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАР ЖӘНЕ ЖҮК КӨТЕРГІШ МАШИНАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗ ЖҰМЫСТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

---

---

**Түйіндеме.** Мақалада жұк көтергіш механизмдерді өндірісте пайдалану кезіндегі еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және еңбек жағдайын жақсарту мәселелері қарастырылған. Құрылым өндірісіндегі жазатайым оқиғалардың себептері талданған. Еңбекті дұрыс үйімдастыру түрлері мен қауіпсіз жұмысты қамтамасыз ету шаралары көрсетілген. Өндірісте туындастырылған оқиғалар мен жұк көтергіш механизмдерді пайдалану кезіндегі авариялар мен жазатайым оқиғалар мен жағдайлардың себептері көрсетілді. ТКТ – 200 колодкалы тежегішінің ерекшелігі мен қолдану аймағы анықталған. Жұк көтергіш крандардың жұмысы алдындағы тексеру жұмыстарының барысы мен реті көрсетілді. Болат арқан есебі мен жебенің беріктілігі зерттелді. Ұзілу күші бойынша арқан түрін таңдалып, беріктілігі анықталды. Жұк көтергіш механизмдерді пайдалану кезіндегі еңбекті үйімдастыруды шаралар кешенін жақсарту бойынша ұсыныстар берілді.

**Түйінді сөздер:** жұк көтергіш машиналар, машина жасау саласындағы қауіпсіздік, еңбек қауіпсіздігін үйімдастыру, тиесу-түсіру жұмыстары.

• • •

**Аннотация.** Статья посвящена вопросам обеспечения безопасности труда при эксплуатации грузоподъемных механизмов на производстве и улучшению условий труда. Проанализированы причины несчастных случаев в строительном производстве для обеспечения безопасной работы и правильной организации труда. Показаны основные причины аварий и несчастных случаев при эксплуатации грузоподъемных механизмов и опасных производственных факторов, возникающих на производстве. Указаны особенности и область применения колодочного тормоза ТКТ-200. Описаны ход и последовательность работ перед началом работы грузоподъемных кранов. Изучены расчеты стального каната и прочность стрелы. По усилиям разрыва определились выбор типа каната и прочность. Даны рекомендации по улучшению комплекса мер по организации труда при эксплуатации грузоподъемных механизмов.

**Ключевые слова:** грузоподъемные машины, безопасность в машиностроении, организация безопасности труда, погрузочно-разгрузочные работы.

**Abstract.** The article sets forth the issues of ensuring labor safety during the operation of load-lifting mechanisms in production and also improving working conditions. The causes of accidents in the construction industry are analyzed. To ensure safe work and proper organization of work. The article describes the main causes of accidents and incidents during the operation of load-lifting mechanisms and dangerous production factors that occur in production. The features and scope of the TKT-200 pad brake are specified. The progress and sequence of work before starting to work with the lifting cranes was shown. Calculations of steel rope and boom strength were studied. The choice of rope type and strength were determined by the gap forces. Recommendations for improving the set of measures for the organization of labor in the operation of load-lifting mechanisms are given.

**Keywords:** Lifting machines, safety in the field of mechanical engineering, organization of labor safety, loading and unloading.

**Кіріспе.** Құрылыс және құрылыс материалдары мен бүйімдары ендірісінің барлық салаларын дамыту, сондай-ақ құрама конструктивтік элементтерді қолдану тиегі-түсіру және келік жұмыстары келемінің едөуір артуына әкеледі. Құрылыс материалдарын, бүйімдары мен конструкцияларын тиегі, тасымалдау және түсіру еңбекті кеп қажет ететін операциялар болып табылады, сондықтан осы процестерді орындау кезінде жұмысшылар санын кеп қажет етеді. Жүк тиегі-түсіру және келік жұмыстары кеп еңбекті қажет етуден басқа ендірістік жарақаттанудың жоғары деңгейімен сипатталады.

Отандық және шет елдік зерттеулер нәтижелері жазатайым оқиғаның негізгі себептері «Жас ғалым» журналында 2016 ж. жарияланған «Зерттелетін үйімда ендірістік жарақаттану деңгейін темендету» атты мақалада көрсетілген. Мақалада ендірістік жарақаттануды темендетудің негізгі әдістері тұжырымдалып, үйім қызметкерлерінің жасы мен еңбек етілінен қатысты динамикасы сондай-ақ жарақаттану себептері көрсетілген.

**Зерттеу жұмысының маңсаты** – ендірістегі жазатайым оқиға себептерін анықтау және жүк кетергіш механизмдерді пайдалану кезіндегі қауіпсіз жұмысты қамтамасыз ету бойынша шаралар кешенін ұсыну.

**Зерттеу әдістері** – құрылыштағы жазатайым оқиға себептерін талдау «Bazis – A» құрылыш компаниясының 2017-2018 жылдар ара-лығындағы жазатайым оқиғаны тіркеу журналынан алынған болса, ал болат арқан мен жебенің беріктігін есептеу жұмыстары Н.Т Сурашев-пен М.И.Гудовичтың «Кетеру – тасымалдау машиналары» атты оқу-

лыққа сай жүргізіліп, Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілген «Жұқ кетергіш механизмдерді пайдалану кезіндегі ендірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары» атты заңдар негізімен тексерілді [1, 3].

**Нәтижелер.** Құрылымың ендірісіндегі жазатайым оқиғалардың себептерін талдау, олардың 22,1%-ы жұқ кетергіш механизмдерді пайдалану талаптарының бұзылуынан; 16,8% – тақелаждық құрылғылардың жетілмеуінен және жүктөрді дұрыс ілмектемеу салдарынан; 8,9% – жұмыс процестерін орындаудың дұрыс емес тәсілдерінен; 6,9% – жүктөрді қоймалау нормалары мен ережелерінің бұзылуынан орын алатының анықтауға мүмкіндік берді.

(1 - сурет). Еңбек жағдайларының қауіпсіздікі жұмыс ендірісінің таңдалған тәсіліне, жұмыс ретін үйімдастыруға және жұмыс процесстеріне қатысадын машинадар мен механизмдер жиынтығын дұрыс пайдалануға байланысты. Жазатайым оқиғалар тиесіру жұмыстарап кезінде ендірістік жарақаттану себептері, еңбекті нашар үйімдастырудың немесе жұқ кетергіш жабдықтың ақаулығының салдарынан ғана емес, сонымен қатар қауіпсіздік техникасының негізі талаптарына немікүрайлы қараудың нәтижесінен болатынын көрсетеді [2].

### Жазатайым оқиғалардың себептерін талдау



1 Сурет - Тиесіру – тиесіру жұмыстары кезіндегі жазатайым оқиғалардың себептерін талдау

Мұндай жұмыстағы жазатайым оқиғалардың орын алудының тағы бір себебі тиесіру – тиесіру процестерінде жеткілікті тәжірибесі мен ендірістік дағдыларының жоқтығы немесе қажетті оқуы мен осы жұмыстарға рұқсатының болмауы, не темен білікті жұмысшылардың

жіңі жұмыс істейтіндігіне байланысты. Сондықтан, мұндағы жұмысшылар ездері орындағының жұмыстардың күрделілігі мен ықтимал қауіптілігін жақсы сезінбейді. Еңбекті дұрыс ұйымдастыру жүктің түріне, келеміне және салмағына байланысты. Сондықтан алдың ала олармен қауіпсіз жұмыс істеу үшін нақты шараларды алдың ала анықтау үшін жекелеген белшектердің, бұйымдардың, конструктивтік элементтердің және басқа да жүктердің ерекшеліктерін жақсы зерделеу қажет. Ең кеп еңбекті қажет ететін жұмыстар барынша механикаландырылуы тиіс. Жұмыстың механизациясын енгізу, әдетте, жарақаттанудың темендеуіне ықпал етеді. Алайда жоғарыда келтірілген деректер тиуе-түсіру жұмыстарындағы механизмдерді пайдалану кезінде жарақаттанудың едөүір санын көрсетеді. Осылайсан байланысты еңбек енімділігін арттыруға ғана емес, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыс процестерін ұтымды ұйымдастыру қажеттілігі туындаиды.

Талап етілетін жүк кетергіш құралдар мен еңбекті ұйымдастыру әдістері оларды қолдану кезінде жұмыстар ендірісінің жобасын нәмесе тиуе-түсіру және келік операцияларының барлық кешеніне технологиялық карталарды әзірлеу әрбір кезеңге сайн негізделеді. Осылайша, қауіпсіз еңбек жағдайлары тиуе және түсіру жұмыстары бойынша жекелеген жұмыс процестерінің сипатымен, олардың ерекшеліктерімен, қайта тиелетін элементтердің барлық құрылымдық сипаттамаларын нақты ұсынғаннан, белшектер мен элементтерді буып-түюге, ілмектеуге және тасымалдауға қойылатын талаптармен егжей-тегжейлі танысқаннан кейін, ал кейде тасымалданатын материалдардың әртүрлі физика-механикалық және химиялық қасиеттерімен танысқаннан кейін ғана беріледі. Әрбір ендіріс езінің қауіпі және зиянды ендірістік факторларының кешенімен сипатталады. Құрылыш саласының белшектерін шығаратын ендірістік технологиялық процестердің, жұмыс тәсілдері мен қолданылатын жабдықтардың алуан түрлілігімен сипатталады. Құрылыш ендірісінде жұмыс кеп еңбек сыйымдылығымен ерекшеленеді және ендірісте жұмыс кеңістігіне шаң, бу, газ, үлкен мелшерде жылу белумен, сондай-ақ зиянды ендірістік шу мен дірілдің пайда болуымен сипатталады.

Жұмыс істеушіге келесі қауіпті ендірістік факторлар әсер етуі мүмкін:

- қозғалатын нәмесе айналатын механизмдер;

- тасымалданатын жүктер;
- электр тізбегіндегі қауіпті кернеу.

Жүк кетергіш құрылғыларды пайдалану кезіндегі авариялар мен жазатайым оқиғалардың негізгі себептері мыналар болып табылады:


- арнайы оқудан етпеген адамдарды қранды басқаруға жіберу;
- механизмдерде жүк кетеру биіктігін автоматты түрде өрекет ететін шектегіштердің болмауы;
- сапасыз жүк қармаушы және басқа да қосалқы құралдарды (траверстер, строптар, қысқыштар, контейнерлер және т.б.) және ыдысты пайдалану;
- жұмысшылардың ендірістік тәртіпті бұзыу (қранды ез бетінше қосу және басқару), техника қауіпсіздігі бойынша белгіленген және жұмысшыларға белгілі талаптарды орындауы;
- механизмдер мен машиналарды дұрыс және қауіпсіз пайдалануды үйімдастыруға техникалық қадағалаудың болмауы (қранды пайдалануға жауапты тұлғалардың болмауы);
- тиуеу-тұсіру жұмыстарын нашар үйімдастыру, бұйымдар мен материалдарды жүйесіз орналастыру, белгілі бір жұмыс ететін жерлердің, қауіпті аймақтардың қоршауларапының болмауы және т. б.

Жазатайым оқиғаларды талдау олардың кепшілігі жүктің сенімсіз бекітілуінен (басып алуша) орын алатынын керсетеді, бұған жұмысшылардың тәжірибесі мен қауіпсіздік талаптарының бұзылуы аз дәрежеде өсер етеді. Авариялар мен жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін қранды жұмыс алдында және жұмыс соңында мүқият тексеріп алу қажет.

Қранды тексеру барысында:

- Кранның металл құрастырылымымен жерлендіргіш элементтердің жанасып тұрмаяуын;
- Қранның қуаттандырғышының қосқыштарының жағдайын;
- Жүк қармаушы құрылғылардың комплекті болуын;
- Техника қауіпсіздігі бойынша ескертпе қағаздардың болуы;
- Кранның техникалық жағдайын (кран белшектерінің бүтіндігін, сынбағандарғын, тығыздығын, тұтастығының бұзылуы) тексеріледі.

Қауіпсіз берілген жүк кетергіш механизмнің құрылғыларының бірі ТКТ-200 калодкалы тежегіші (2-сурет). Бұл калодкалы тежегіште зәкірдің аз жүрісімен ерекшеленетін МО-Б типті электромагнит қолданылады. Ол рычагта орнатылады [4, 5].



2 Сурет - ТКТ -200 колодкалы тежегіші

Болат арқанның есебін жүргізілді:

1.Арқаның түрі мен конструкциясы оның мақсатына байланысты таңдалады:

Жұк көтергіш механизмдерді жабдықтау үшін 6Х37 конструкциясы ТЛК-О типті ілігіш арқандар қолданылады.

2.Лебедканың тарту күші  $S=1000$  кгк (килограмм күш) екенін ескерे отырып, болат арқаның үзілүү күшін анықталды. Арқаның негізделуін және жұмыс режиміне байланысты беріктік коэффициентін  $k=0.5$  деп таңдалды.

$$R=1000*5=5000 \text{ (кгк)}$$

3. Табылған үзілүү күші бойынша арқанды таңдаймыз:

- арқан конструкциясы: 6х37;
- килограмм күштегі үзілүү күші: 9050;
- беріктілік шегі 160 кгк/мм<sup>2</sup>;
- диаметр 13,5 мм.

Жебениң беріктігіне есептеу жүргізілді.

$$L = 1800 \text{ mm};$$

$P=1000 \text{ кг};$

$D=150 \text{ мм};$

$d=145 \text{ мм};$

$[\sigma]=160*10^5 \text{ (Н/м}^2\text{)}$

$$\sigma_{\text{экв}}^{\max} = \frac{N_{\text{CK}}^{\max}}{F} + \frac{M_{\text{из}}^{\max}}{W_{\text{из}}}$$

$$\frac{N_{\text{CK}}^{\max}}{F} + \frac{M_{\text{из}}^{\max}}{W_{\text{из}}} < [\sigma]$$

$$F = \frac{\pi D^2}{4} - \frac{\pi d^2}{4}$$

Мұндағы, D мен d құбыр қимасының ең үлкен және ең кіші диаметри;

$$M_{\text{из}}^{\max} = P * L$$

$$W_{\text{из}} = 0.1 d^3 (1 - \alpha^4)$$

$$\alpha = \frac{d}{D}$$

$$M_{\text{из}}^{\max} = 1000 * 1.8 = 1800 \text{ (Нм}^2\text{)}$$

$$\alpha = \frac{0,145}{0,15} = 0,96$$

$$W_{\text{из}} = 0.1 * 0.145^3 * (1 - 0,96^4) = 0.000012$$

$$\sigma_{\text{экв}}^{\max} = \frac{1000 * 4}{3.14(0.15^2 - 0.145^2)} + \frac{1800}{0.000012} = \\ = 15863651(\text{Н/м}^2) \approx 158 * 10^5(\text{Н/м}^2)$$

$$\sigma_{\text{экв}}^{\max} = 158 * 10^5 < [\sigma] = 160 * 10^5 \text{ – шартты орындалды.}$$

Анықталған арқан түрі мен жебенің беріктігінің есебі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметтімен бекітілген ҚР Жұк көтергіш механизмдерді пайдалану кезіндегі ендірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларында керсетілген жұқ кетергіш крандардың арқанға ілмекпен немесе электр магнит жұмыс істейтін құралдардың нормасы берілген шартқа сай екені анықталды. Құрылым саласының белшектерін шығаратын кешенінде еңбек қауіпсіздігін үйімдастыру барысында ендірістік жарақаттану мен көсіби ауруларды темендету үшін ендірісте еңбекті механи-

каландыруға кеп көңіл белінуі тиіс. Бұл ауыр физикалық еңбек пайдаланылатын құю учаскелерінде маңызды. Бұл жағдайда құймалар мен формалардың орнын ауыстыру кезінде тиесірү жұмыстарын механикаландыру құралы ретінде электрлендірілген кранды пайдалану ұсынылды. Бұл құрылғыны қолдану қызмет-керлердің еңбегін едәуір жеңілдетуғе мүмкіндік береді, сонымен қатар көсіби аурулардың пайда болуының алдын алуға және ендірістік жарақаттануды темендетуғе бағытталған. Кранмен жүктөрді кетеру және тасымалдау кезіндегі еңбек қауіпсіздігі оның конструктивтік ерекшеліктеріне және ережелер мен нормаларға сәйкестігіне байланысты. Дайындалатын материалдар мен белшектер, қосалқы құралдар беріктікке қатысты барлық тиісті техникалық шарттарға, стандарттарға, нормалар мен ережелерге сай болуы тиіс.

**Қорытынды.** Бұл мақала құрылыш ендірісінде қауіпсіздікті қамтамасыз ететін құрылғыларды жобалау және дұрыс қолдану қашалықты маңызды екенін көрсетеді. Шеттік ажыратқышты қолдану жүк кетеру механизмінің тоқтауын қамтамасыз етеді, ол жоғарғы жағдайға жеткенде арқаның үзілуін болдырмайды. Жебе конструкциясының беріктігіне жүргізілген тексеру есебі кранның жұмысы кезінде қойылатын техникалық шарттарға сәйкес келетінін көрсетті. Дұрыс есептеу және болат арқанды таңдау жүктің үзілуін болдырмауға мүмкіндік береді. Эр түрлі жүк қармаушы құрылғыларды қолдану тасымалданатын жүкті сенімді бекітуғе мүмкіндік береді. Бұл құрылғылар мен қауіпсіздік құралдарын пайдалану жазатайым оқиғалардың санын азайтады. Сонымен қатар, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету жоспарында алдын алу тексерулерін, техникалық қызмет көрсету мен жендеулөрді уақтылы жүргізуің маңызы зор екенін түсіну қажет.

### **Әдебиеттер**

1 Грузозахватные приспособления и тара: Учебное пособие/ М. Н. Хальфин [и др.]. - Ростов-на-Дону: Феникс, 2006. - 144 с.:

2 Горячева И.А., Н.Я. Технические Характеристики и выбор грузоподъемных кранов. Учебно-методическое пособие. — Минск: БНТУ, 2010. — 197 с.

3 Транспортно-технологические машины: методические указания / СиБАДИ; сост. Ю.В.ремизович. – Омск: СиБАДИ, 2011. – 160 с.

4 *Дианов Х.А.* Грузоподъемные машины. Курс лекций . – М.: Рготупс, 2012.- 105с.

5 *Н.Т.Сурашев, М.И.Гудович.* Кетеру – тасымалдау машиналары.- М.: Оқулық. Алматы, 2013 – 344б.

**Сутемген Ж.Т.** - магистранты, e-mail: Zhadyra.namazbai@gmail.com

**Бергенева Н.С.** - биология ғылымдарының кандидаты, профессор, e-mail: nurgul.bergeneva@gmail.com

**Қалдыбаева С.Т.** - Phd, e-mail: Sayle\_78\_78@mail.ru

**Исанбекова А.Т.** - Phd, e-mail: Almagul.Isanbekova@kaznu.kz